

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ

О.С. Савицкая, А.А. Қаражан

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ
АРНАУЛЫ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

ОҚУ-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚҰРАЛЫ

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СПЕЦИАЛЬНЫХ
УЧРЕЖДЕНИЙ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ**

УЧЕБНО-ПРАКТИЧЕСКОЕ ПОСОБИЕ

Қостанай, 2016

ӘОЖ 351.71
ББК 67.401
С 13

Баспаға ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Ғылыми кеңесімен ұсынылды

Пікір берушілер:

Мендыбаев Т.А. - ҚР ІІМ Оқу орталығының (Қостанай қ.) бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

Ибраев А.З. - ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Ким Д.А. ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі

Савицкая О.С., Қаражан А.А.

С 13 Ішкі істер органының арнаулы мекемелеріндегі қызметі: оқу-тәжірибелік құралы = Деятельность специальных учреждений органов внутренних дел: учебно-практическое пособие / О.С. Савицкая, А.А. Қаражан. - ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2016. – 118 б. – Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-210-185-0

Оқу-тәжірибелік құралының бастапқы мақсаты – құқық қорғау органдарының оқу мекемелерінде оқитын курсанттардың тәжірибелі оқу бағытын күшейту. Онда, соңғы жылдардағы әкімшілік реформасынан кейінгі ішкі істер органы құрылымында қалған арнаулы мекемелердегі қызметтің барлық бағыттары қарастырылған. Есептер, білімді бақылау үшін сынақтар және бақылау сұрақтары жеке бөлімдермен көрсетілген. Келешектегі курсанттардың кәсіби қызметі үшін тапсырмалардың тікелей тәжірибелік мәні бар.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары оқу орындарының курсанттарына арналған, сонымен қатар, практикалық органдарда жауынгерлік және қызметтік дайындық сабақтарында қолдануға болады.

ӘОЖ 351.71
ББК 67.401

ISBN 978-601-210-185-0

© ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2016

УДК 351.71
ББК 67.401
С 13

Рекомендовано к изданию Ученым советом
Костанайской академии МВД РК им. Ш. Кабылбаева

Рецензенты:

Мендыбаев Т.А. - начальник Учебного центра МВД РК (г. Костанай),
кандидат юридических наук, подполковник полиции

Ибраев А.З. - профессор кафедры Костанайской академии МВД РК
им. Ш. Кабылбаева, кандидат юридических наук, доцент

Ким Д.А. - начальник кафедры Костанайской академии МВД РК
им. Ш. Кабылбаева, кандидат юридических наук, подполковник полиции

Савицкая О.С., Қаражан А.А.

С 13 Ішкі істер органының арнаулы мекемелеріндегі қызметі: оқу-тәжірибелік
кұралы = Деятельность специальных учреждений органов внутренних
дел: учебно-практическое пособие / О.С. Савицкая, А.А. Қаражан. - ҚР
ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2016. – 118 б. –
Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-210-185-0

Главная цель учебно-практического пособия – усиление практической направленности обучения курсантов, обучающихся в учебных заведениях правоохранительных органов. В нем предусмотрены все направления деятельности специальных учреждений, которые существуют в структуре органов внутренних дел после административной реформы последних лет. Отдельными разделами представлены задачи, контрольные вопросы и тесты контроля знаний. Задания имеют непосредственное практическое значение для будущей профессиональной деятельности курсантов.

Предназначено для курсантов учебных заведений правоохранительных органов РК, а также может быть использовано в практических органах на занятиях по боевой и служебной подготовке.

УДК 351.71
ББК 67.401

ISBN 978-601-210-185-0

© Костанайская академия МВД РК
им. Ш. Кабылбаева, 2016

МАЗМҰНЫ:

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕРІ	6
1. АРНАУЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ МІНЕЗДЕМЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ	7
2. «ПО арнаулы мекемелеріндегі қызметі» ПО-ның әкімшілік қызмет пәнінің бөлімі бойынша оқытушылардың курсанттармен дербес жұмысы және тәжірибелі сабақтарын, семинарларын өткізу бойынша ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР	13
3. ТАПСЫРМАЛАР	15
3.1 Күзету қызметі және уақытша ұстау изоляторларының қызметін ұйымдастыру	15
3.2 Құжаттары, тұрақты тұратын орындары жоқ тұлғаларға дәрігерлік және басқа да әлеуметтік көмек көрсету	18
3.3 Әкімшілік тұтқындауға ұшыраған тұлғаларын ұстау үшін ішкі істер органдарының арнаулы қабылдағыштарының қызметін ұйымдастыру	20
4. БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ СЫНАҒЫ	22
4.1 УҰИ қызметін ұйымдастыру	22
4.2 Қылмыстарды іске асырған айыпкерлерді және сезіктілерді айдап алып жүру	26
4.3 Құжаттары, тұрақты тұратын орындары жоқ тұлғаларға дәрігерлік және басқа да әлеуметтік көмек көрсету	30
4.4 Әкімшілік тұтқындауға ұшыраған тұлғаларды ұстау үшін ПО- арнаулы қабылдағыштарының қызметін ұйымдастыру	37
5. БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ	43
ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҮЛГІЛЕРІ	47
ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	60

СОДЕРЖАНИЕ:

СОКРАЩЕНИЯ И ОБОЗНАЧЕНИЯ	62
1. ОБЩАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СПЕЦИАЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ И ИХ ВИДОВ	63
2. МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ по проведению семинарских, практических занятий и самостоятельной работы курсантов с преподавателем по разделу дисциплины Административной деятельности правоохранительных органов «Деятельность специальных учреждений ОВД»	69
3. ЗАДАЧИ	71
3.1 Организация деятельности изоляторов временного содержания и конвойной службы	71
3.2 Оказание социальной, медицинской и иной помощи лицам, не имеющим определенного места жительства, документов	73
3.3 Организация деятельности специальных приемников органов внутренних дел для содержания лиц, подвергнутых административному аресту	75
4. ТЕСТЫ ДЛЯ КОНТРОЛЯ ЗНАНИЙ	77
4.1 Организация деятельности ИВС	77
4.2 Конвоирование подозреваемых и обвиняемых в совершении преступлений	81
4.3 Оказание социальной, медицинской и иной помощи лицам, не имеющим определенного места жительства, документов	85
4.4 Организация деятельности специальных приемников ОВД для содержания лиц, подвергнутых административному аресту	92
5. КОНТРОЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ.....	98
ОБРАЗЦЫ ДОКУМЕНТОВ,	102
СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ,.....	116

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕРІ

ҚР	– Қазақстан Республикасы
ІМ	– Ішкі істер министрлігі
ІО	– ішкі істер органы
ҚІО	– қалалық ішкі істер органы
ҚІК	– Қылмыстық-процестік кодексі
АІО	– аудандық ішкі істер органы
ІКК	– полиция кешенді күштері
ІД	– Ішкі істер департаменті
ТЖ	– төтенше жағдай
ӘПБ	– әкімшілік полиция бөлімі
ҚАІО	– қалалық, аудандық ішкі істер органы
УҰИ	– уақытша ұстау изоляторы
ІО АҚО	– ішкі істер органдарының арнайы қабылдау орны
УПИ	– учаскелік полиция инспекторы
А-АІК	– адамға арналған ақпараттық-іздеу карточкасы
ТИ	– тергеу изоляторы
СІМ	– Сыртқы істер министрлігі
ҰҚК	– Ұлттық қауіпсіздік комитеті
УПП	– учаскелік полиция пункті
ЖІҚ	– жедел іздестіру қызметі

1. АРНАУЛЫ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ МІНЕЗДЕМЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Арнаулы мекемелері ішкі істер органдары жүйесінде ерекше бөлек орын алады. Арнаулы мекемелердің оқшаулануы олардың қызметінде тәртіп белгілеуге арналғанымен түсіндіріледі.

Арнаулы мекемелерінің басты міндеті, қоғамнан уақытша оқшаулауды заңды негізінде қамтамасыз ету болып табылады. Адамдарды арнаулы мекемелерде ұстау Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген шараларды орындау мақсатында жүзеге асырылады.

Арнаулы мекемелер санына:

- тергеу изоляторы;
- уақытша ұстау изоляторы;
- қабылдау-бөлу орны;
- арнаулы қабылдау орны жатады.

Аталған арнаулы мекемелердің әрқайсысының өз анықтамасы және тікелей мақсаты бар.

Тергеу изоляторы - өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстар орындау үшін қалдырылған не түзеу мекемесінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жіберілген және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексімен реттелген тәртіппен ауыстырылған сотталғандарды ұстауға арналған арнаулы мекеме.

Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына орналастыру судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Уақытша ұстау изоляторы - уақытша ұстау изоляторы – қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды күзетпен ұстауға арналған арнаулы мекеме.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікпен ұстап алынғандарды уақытша ұстау изоляторына орналастыру тергеуші не анықтаушы толтырған ұстап алу хаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды уақытша ұстау изоляторына орналастыру шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолының болмауы салдарынан тергеу изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмаған күдіктіні өмір сүру және тәрбиелену жағдайы бойынша бұрынғы тұрғылықты жерінде қалдыру мүмкін болмаған жағдайларда, ол Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексімен көзделген тәртіппен заңға сәйкес бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымға орналастырылуы мүмкін, әкімшілік қамауға алынған адамдарды арнаулы қабылдау орындарына орналастыру

судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады

Қабылдау-бөлу орны - ішкі істер органдарының белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды, олардың әрекеттерінде қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілері болмаған және олардың жеке басын өзге тәсілдермен анықтау мүмкін болмаған кезде қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекеме.

Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдау-бөлу орнына орналастыру ішкі істер органдарының сот санкциялаған қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

Арнаулы қабылдау орны - ішкі істер органдарының әкімшілік қамауға алынған адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған арнаулы мекемесі.

Әкімшілік қамауға алынған адамдарды арнаулы қабылдау орындарына орналастыру судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады.

1-кесте - Арнаулы мекемелердің бөлек сипаттамалары

Түрлері	ПО арнаулы мекемелері			
	тергеу изоляторы	уақытша ұстау изоляторы	қабылдау-бөлу орны	арнаулы қабылдау орны
Арнаулы	Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстар орындау үшін қалдырылған не түзеу мекемесінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жіберілген және ауыстырылған сотталғандарды белгіленген тәртіппен ұстау	Қылмыстық құқық бұзушылықтар ар жасады деген күдік бойынша ұсталған адамдарды күзетпен ұстауға арналған	Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды, олардың әрекеттерінде қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар белгілері болмаған және олардың жеке басын өзге тәсілдермен анықтау мүмкін болмаған кезде қабылдауға және ұстауға арналған	Әкімшілік қамауға алынған адамдарды қабылдауға және ұстауға арналған

Орналас- тыратын тұлғалар	Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған күдіктілер және айыпталушылар	Күдіктілер	Белгілі бір тұрғылықты жері және жеке басы анықталмаған адамдар	Әкімшілік қамауға алынған адамдар
Орналас- тыру негіздері	Өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыстық құқық бұзушылығын жасады деп күдік келтірілгендер мен айыпталушыларды тергеу изоляторына орналастыру судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады	Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікпен ұстап алынғандарды уақытша ұстау изоляторына орналастыру тергеуші не анықтаушы толтырған ұстап алу хаттамасы бойынша жүзеге асырылады	Белгілі бір тұрғылықты жері және (немесе) жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды қабылдау-бөлу орнына орналастыру ішкі істер органдарының сот санкциялаған қаулысы негізінде жүзеге асырылады	Әкімшілік қамауға алынған адамдарды арнаулы қабылдау орындарына орналастыру судьяның оларды қамауға алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады
Арнаулы мекемелерге орналастырылған адамдардың құқықтары	Өздерінің құқықтары мен міндеттері, күзетте ұсталу режимі, тәртіптік талаптар, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға; күзетте ұстау орындарында жеке басының қауіпсіздігіне; күзетте ұстау орны әкімшілігінің басшысына және күзетте ұстау орындарындағы қызметті бақылайтын адамдарға аталған адамдар оның аумағында болған уақыттарда өтініш жасауға; қорғаушысымен жолығуларға; туыстарымен және рагламентте көрсетілген тізіміне сәйкес адамдармен жолығылуларға;		Өздерінің құқықтары мен міндеттері, қабылдау-бөлу орнында ұсталу режимі, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға; қабылдау-бөлу орнында болу кезеңінде жеке басының қауіпсіздігіне; ішкі тәртіп қағидаларында	Өздерінің құқықтары мен міндеттері, арнаулы қабылдау орнында ұсталу режимі, ұсыныстар, арыздар мен шағымдар беру тәртібі туралы ақпарат алуға; арнаулы

	<p>құқыққа қарсы мақсатта пайдаланылуы мүмкін немесе мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтері бар құжаттар мен жазбаларды қоспағанда, қылмыстық іске қатысты не өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мәселелеріне байланысты құжаттар мен жазбаларды өзінде сақтауға;</p> <p>өздерінің күзетте ұсталуының заңдылығы мен негізділігі және өздерінің заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуы туралы мәселелер бойынша ұсыныстармен, арыздармен, соның ішінде сотқа жүгінуге; хат жазысуға және жазу құралдарын пайдалануға; тегін тамақ алуға, материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық жағынан қамтамасыз етілуге;</p> <p>Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өздерін іс жүргізуге және өзге де іс-әрекеттерге тартуға тыйым салынатын түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға; күн сайын ұзақтығы бір сағаттан кем емес серуендеуге;</p> <p>өзінің жеке төсек-орын заттарын, сондай-ақ тізбесі мен саны Ішкі тәртіп ережелерінде белгіленетін басқа да заттар мен нәрселерді пайдалануға;</p> <p>күзетте ұстау орындарындағы кітапханадан алынған не күзетте ұстау орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен сатып алынған әдебиетті және мерзімді баспасөз басылымдарын, сондай-</p>	<p>бекітілетін нормалар бойынша оларға материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қызмет көрсетілуіне; түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға; күніне кемінде екі сағат күнделікті серуенге; ішкі тәртіп қағидаларының және қабылдау-бөлу орнында ұсталушы басқа да адамдардың құқықтарының сақталуы шартымен діни жоралар жасауға; қабылдау-бөлу орнының әкімшілігіне, прокуратура органдарына, сотқа өздерін ұстаудың заңдылығы мен негізділігі, сондай-ақ өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы</p>	<p>қабылдау орнында болу кезеңінде жеке басының қауіпсіздігіне; арнаулы қабылдау орнындағы ішкі тәртіп қағидаларын -да бекітілетін нормалар бойынша материалдық-тұрмыстық және медициналық-санитариялық қызмет көрсетілуіне; хаттар, жөнелтімдер, бандеролдар мен сәлемдемелер алуға; түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға; күніне кемінде екі сағат күнделікті серуендеуге; арнаулы қабылдау</p>
--	---	---	--

	<p>ақ стол үсті ойындарын пайдалануға; ішкі тәртіп ережелері және басқа сезіктілер мен айыпталушылар құқықтары сақталуы шартымен сезіктілер мен айыпталушылардың күзетте ұстау орындарында діни жоралар жасауға, өзінде діни әдебиет, ғибадат заттарын ұстауға; өзінің білімін көтерумен шұғылдануға және арнайы әдебиетті пайдалануға; сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттар алуға; күзетте ұстау орындары қызметкерлерінің тарапынан сыпайы арақатынасқа; азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысуға; заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар сондай-ақ: ақша аударымдарын алуға және жөнелтуге; некеге отыруға және оны бұзуға, егер олар заңдарға қайшы келмеген жағдайда, өзге де отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысуға; тергеу орнындағы дүкеннен (дүңгіршектен) не күзетте ұстау орындарының әкімшілігі арқылы сауда желісінен тамақ өнімдері мен ең қажетті заттарды сатып алуға; газеттер мен журналдарға жазылуға және оларды алуға; әкімшіліктен қажет болған жағдайда күзетте ұстау орындарында киіп жүруге рұқсат етілген маусымдық киім-кешек алуға құқығы бар. Күзетте ұсталушы сезіктілер мен</p>	<p>мәселелері бойынша жүгінуге құқығы бар.</p>	<p>орнындағы ішкі тәртіп қағидаларының және басқа да адамдардың құқықтарының сақталуы шартымен діни жоралар жасауға; арнаулы қабылдау орнының әкімшілігіне, прокуратура органдарына, сотқа өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы мәселелері бойынша жүгінуге құқығы бар.</p>
--	---	--	---

	<p>айыпталушыларға тиісті жағдайлар болған кезде еңбек етуге мүмкіндік беріледі.</p> <p>Сезіктілер мен айыпталушылардың жоғарыда аталған құқықтардан басқа Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде көзделген құқықтары бар.</p>		
--	---	--	--

2. «ІО АРНАУЛЫ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ» ІО-НЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ ПӘНІНІҢ БӨЛІМІ БОЙЫНША ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ КУРСАНТТАРМЕН ДЕРБЕС ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІ САБАҚТАРЫН, СЕМИНАРЛАРЫН ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

«ІО арнаулы мекемелеріндегі қызметі» ІО-ның әкімшілік қызмет бөлімі бойынша негізгі мақсаты болып ІО қызметкерлерінің қызметін кәсіби жүзеге асыру үшін тыңдаушыларға қажетті теориялық білімдермен, тәжірибелі және дағдылы шеберлігін меңгеру, құжатсыз және тұрақты тұратын мекен-жайы жоқ тұлғаларды қабылдағыш-таратқышта ұстау үшін, уақытша ұстау изоляторларына құқық бұзушыларды жайттары бойынша және де әкімшілік тұтқындауға ұшыраған тұлғаларын ұстау үшін арнайы қабылдағыштарға жеткізу.

2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің 16-бабының 1-бөлімінің 14) тармақшасына сәйкес 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қылмыстық теріс қылықтары үшін қамаққа алу түріндегі жазаларын орындауын жүзеге асыруы болжамдалып отыр. Қазақстан Республикасында осындай арнаулы мекемелерінің негізгі құқықтық қызметі бар және 2014 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің №575 «Қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен жүзеге асыру механизмі қарастырылған.

Оқу-тәжірибелік құралының мазмұны, мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық, азаматтық, қылмыстық-атқару, қылмыстық құқық, әкімшілік және қылмыстық-атқару қызметі сияқты құқықтық пәндердің негізгі ережелерімен тығыз сабақтас. Онда, құқық қорғау органдарының оқу мекемелерінде үйрететін бір-бірімен байланысты арнайы пәндердің ғылыми жетістіктері, сонымен бірге құқық қорғау органдарының әкімшілік қызмет сұрақтары бойынша ғылыми зерттеулердің нәтижелері және оң тәжірибелі тәжірибесі көрсетілген.

Ішкі істер органдарының арнаулы мекемелерінің қызметін зерттеу барысында, курсанттар, басқару және іс жүргізу шешімдерін қабылдап, қызметтік құжаттарын толтыруын үйренуі тиіс. Жеке тақырыптарын жақсы меңгеру үшін, сонымен қатар әкімшілік тұтқындауға ұшыраған тұлғаларын ұстау үшін арнаулы қабылдағышта және қабылдағыш-таратқышқа, уақытша ұстау изоляторына шығумен және «Камера» оқу палигонын қолданумен рөлдерін бөліп, ситуациялы ойындарын шешумен тәжірибелі сабақтарды көбірек өткізу қажет деп санаймыз.

Арнаулы мекемелердің қызметін терең зерттеу шартының бірі болып, негізгі тапсырмалары мен кіріспе шешімдері негізіндегі тәжірибелі сабақтарды өткізу болады. Құқық қорғау органдары оқу мекемелерінің сабақтары, бітірушілерге құрылған жағдайында немесе жайтында сауатты және анық іс-

әрекет жасап, заңдылықты сақтап, үйрену мүмкіндігін береді. Олар танымдық мүддесін, шығармашылық ойлаудың және іздеудің дағдысын, зерттеушілік ақпараты және зерттеу мен талдау жайты негізінде дербес шешімін қабылдау қабілеттілігін дамыту керек.

Осы оқу құралында авторлармен ұсынылған есептерді шешу барысында, әуелі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне және нормативті актілеріне, сонымен қатар, ҚР ҚК, ҚІЖК және ҚР ҚАК заңдарына сүйене отырып, жағдайды дұрыс айқындау қажет. Одан әрі, әкімшілік тәртіпте тұтқындалған тұлғаларды, сонымен қатар, құжатсыз және тұрақты тұратын мекен-жайы жоқ тұлғалармен қылмыстық істеріндегі күдіктілерді ұстау орындарында ұстау режимін қадағалау және құқықтық тәртіпке сүйемелдеу процесіне қатысатын ПО-ның басқа қызметкерлері және арнайы мекемелердің жеке құрамының тәжірибелі іс-әрекетін біртіндеп айту қажет. Курсанттар сұрақтарды шешу барысында тәжірибелі дағдыларын алуға тиісті:

- жағдайды қалай айқындау;
- қандай материалды жинау қажет;
- құрылған жағдайда кім басқарушы шешімін қабылдайды;
- кіріспе тапсырмаларын шешу барысында қандай мәжбүрлеудің әкімшілік және қылмыстық іс жүргізу шараларын қолдану қажет;
- осыған сәйкес материалдар қайда тіркеледі.

Оқытушы, курсанттардың барлық пікірлерін тыңдап алуға, егер олар әр түрлі болса, онда, курсанттарға дұрыс тәжірибелі әрекеттің және дұрыс жауабын түсіндіріп, курсанттың білімін бағалауға тиіс.

Тәжірибелі сабақтарда жұмысты тиімдірек қамтамасыз ету үшін топты 4-8 нұсқаға бөлуді және конспекттерінде жауапқа қысқаша жоспарын құрау үшін курсанттарға 10-15 минутты дайындыққа уақыт беруді ұсынамыз. Жауаптардың нұсқаларын талқылағанда, дәрісханада қатысушылардың барлығы болуы тиісті.

Шығарылған тапсырмаларды талқылағаннан кейін, оқытушы ортақ қорытынды жасап, қойылған бағаларды негіздейді.

3. ТАПСЫРМАЛАР

3.1 Күзету қызметі және уақытша ұстау изоляторларының қызметін ұйымдастыру

№ 1

ҚІБ-нің кезекші бөліміне, жасалған қылмыстық ісі бойынша сезікті азамат З.З. Зеков азаматы жеткізді. ҚІБ-нің кезекшісі ол туралы қылмыстық іс жүргізетін тергеушіге баяндады, жеткізілгенді УҰИ-на орналастырды, сонымен қатар, З.З. Зековтың өтініші бойынша оның ұсталғаны туралы туған-туысқандарына хабарлады.

Тапсырма:

1. Кезекшінің іс-әрекетін бағалаңыз.
2. ҚІБ-нің кезекшісі қандай құжаттарды толтыруы тиіс?
3. ІБ кезекшісі қандай жағдайларда ішкі істер органымен ұсталғанның туыс-туғандарына хабарлауға тиіс?

№2

ҚІБ-нің кезекші бөліміне, қаланың орталық паркінен екі кәмелет жасына толмаған: 15 жастағы Олег және 17 жастағы Қайрат жеткізілді, олар орындықта отырып спиртті сусындар ішкен. ҚІБ-нің кезекшісі ата-аналарын шақыртты, ал кәмелет жасына толмағандарды ұсталғандарға арналған бөлмеге орналастырды, ал үш сағат өткен соң УҰИ-на аударылды. Одан әрі ІБ кезекшісі кәмелет жасына толмағандар ісі бойынша учаскілік инспекторды шақыртып, кәмелет жасына толмағандарды кәмелет жасына толмағандарға арналған бейімделу орталығына сауыққанға дейін орналастыру туралы нұсқаулық берді.

Тапсырма:

1. Кезекшінің іс-әрекетін бағалаңыз.
2. ҚІБ-нің кезекшісі дұрыс істеді ме?
3. Кәмелет жасына толмағандар өздігінше жауапкершілігін тарта ала ма?
4. Сауыққанға дейін детоксация бөліміне кәмелет жасына толмағандарды орналастыруға рұқсат етілген бе?

№3

УҰИ-да ұсталған азамат С.С. Сомов ҚР ҚІЖК 128-бабына сәйкес, түнгі сағат 2-де денсаулығының нашарлағанына шағымын айтты. ҚІБ-нің кезекшісі «жедел жәрдем» шақыруға нұсқаулығын берді. Дәрігерлердің шешімі бойынша, Сомовтың денсаулық күйіне байланысты УҰИ-да ұстауға болмайды, оған ерекше тамақтану және қарқынды тұрақты ем қажет болып жатыр. Дәрігердің анықтамасы негізінде ҚІБ кезекшісі Сомовты босатып және оған жазылғаннан кейін келуін міндеттеді.

Тапсырма:

1. ІБ кезекшісі осындай жағдайда кімді ақпараттандырады?

2. ҚІБ кезекшісінің іс-әрекеті заңды ма?
3. ПО қызметкерлері іс-әрекетінің толық алгоритмін құраңыз.
4. ІБ-нің кезекшісі қандай құжаттарды толтыруы және қандай жазбаларды ол жасауға тиіс?

№4

УҰИ күзет қызметіне түсетін кезекшісі қабылдау барысында тұтқындалған Омаровтан ҚР ҚІЖК 128-бабына сәйкес келесі заттары: дәрі-дәрмектер, домино, ойын карталары, шаруашылық және сұйық сабындары, темекі, шақпақты, мақтаны, шарикті қалам, таза парақтары, үш көркем кітаптары және 3400 теңге сомасында ақшасы табылды.

Тапсырма:

1. Аталған заттардың қайсысы міндетті алып қоюға жатады?
2. УҰИ-ның кезекшісі қандай құжаттарды толтыруға тиіс?
3. Тыйым салынған заттың біреуіне алып қою хаттамасын құраңыз.

№5

Энск қаласының ІБ-нің уақытша ұстау изоляторында ҚР ҚІЖК 128-бабына сәйкес тұтқындалған Сериков пен Бериков азаматтары арасында жанжал болып, төбелеске ұласып кетті. Камерада қылмыс жасау бойынша тағы үш сезікті болды, бірақ олар оларды тоқтату амалдарын жасамады.

Тапсырма:

1. ІБ кезекші бөлімінің және УҰИ күзетшісінің іс-әрекет тәртібін көрсетіңіз.
2. Осындай жағдайда қандай арнайы бұлтартпау шараларын қолдануға болады және оған кім рұқсат береді?
3. Осы оқиғаны құжаттаудың реті қандай?
4. Бұлтартпаудың арнайы шараларын қолдану туралы баянат құраңыз.

№6

Энск қаласының ІБ-де қылмыс жасағаны бойынша төрт сезікті УҰИ камерасының терезесіндегі темір торын кесу жолымен түнгі сағат 2 шамасында қашып кетті. Осы деректі күзетші таңертеңгі сағат 5 маңайында анықтап, ол туралы ІБ кезекшісіне хабарлады.

Тапсырма:

1. Сезіктілердің жағдайы мен іс-әрекетін айқындаңыз
2. ІБ кезекші бөлімінің тәуліктік наряд тұлғаларының іс-әрекет тәртібін айтыңыз
3. Қашқындық жасаған азаматтарды ұстау бойынша қатысатын тиісті күш пен құралдарды атап айтыңыз.

№7

Ауликөл ауданы ІБ-нің УҰИ-нан Энск қаласының УҰИ-на қылмыс жасағаны бойынша алты айыпкерді айдауылдау барысында, жөғары жылдамдықпен жүргендіктен, қалаға 25 шақырым жетпей, арнайы

автомашиналары сынып қалды. Күзетшілер саны үш күзетшіден және күзетші бастығынан құралды.

Тапсырма:

1. Сезіктілердің жағдайы мен іс-әрекетін айқындаңыз
2. ПБ кезекші бөлімінің тәуліктік наряд тұлғаларының іс-әрекет тәртібін айтыңыз

3.2 Құжаттары, тұрақты тұратын орындары жоқ тұлғаларға дәрігерлік және басқа да әлеуметтік көмек көрсету

№ 1

АІБ кезекші бөліміне автопатрульмен азамат С.А. Шутов жеткізілді, ол мас күйінде «Рахат» атты кіші-базарда азаматтарға жармасып, балағат сөздерімен мазалады.

Жеткізілгенді тексеру барысында (құқық бұзушы сөзінен) кезекші С.А. Шутов Ресей азаматы екенін және Қазақстанға 2 айға Мәскеу циркімен гастрольдік сапармен келгенін анықтады, өзімен бірге құжаттары болмады.

Тапсырма:

1. Жағдайды дәрежеленіз.
2. АІБ кезекшісінің іс-әрекетін айтыңыз.
3. Қандай қажетті материалды жинау керек және ол бойынша кім шешім қабылдайды?
4. С.А. Шутовты ұстау туралы сұрақ қалай шешілуге тиіс?

№ 2

Рудный қаласының кезекші бөліміне азамат В.Н. Найденов жеткізілді, өзімен бірге құжаттары және оның сөзі бойынша тұрақты тұратын орны болмады.

Қалада құжатсыз және тұрақты тұратын мекен-жайы жоқ тұлғаларға арналған қабылдағыш-таратқыш болмағандықтан, ҚІБ кезекшісі В.Н. Найденовты ұстау туралы қаулыны толтырып, оны әкімшілік тұтқынға алынған тұлғаларға арналған арнаулы қабылдағышқа орналастырды. Қабылдаған шешімі туралы ҚІБ кезекшісі, жазбаша түрде баянатпен ҚІБ-нің бастығына және қала прокурорына хабарлады.

Тапсырма:

1. ҚІБ кезекшісінің іс-әрекетін талдаңыз.
2. ҚІБ кезекшісі В.Н. Найденовты ұстау туралы сұрағын дұрыс шешті ме?
3. ҚР нормативті актілерімен рұқсат етілген В.Н. Найденовты максималды ұстау мерзімдері қандай?

№ 3

Сағат 17 шамасында АІБ кезекші бөліміне мас күйінде азамат В.О. Винников жеткізілді, өзімен бірге құжаттары болмады. АІБ кезекшісі АІБ-нің дислокация орынында дислокация бөлімшесі болмағандықтан, ол сауыққанға дейін ұсталғандарға арналған бөлмеге орналастырылды.

Келесі күні В.О. Винниковтың жеке тұлғасы анықталды. Кезекші оған әкімшілік хаттама толтырып, 5 АЕК сомасында айыппұл түрінде әкімшілік жазасына тарту туралы қаулы шығарып, оны 8 сағаттан кейін босатты.

Тапсырма:

1. Осы құқық бұзушылықты дәрежеленіз.

2. АІБ кезекшісі Винниковты ұстау мерзімін бұзған жоқ па?
3. АІБ кезекшісінің іс-әрекетінде азамат Винниковты анықтау барысында құқық бұзушылықтары болған жоқ па?
4. Құжатсыз және тұрақты тұратын мекен-жайы жоқ тұлғаларын ұстауға арналған қабылдағыш-таратқышқа азамат Винниковты орналастыруға негіздері болды ма?

№4

№12 патрульдік бөлімшенің полицейлері ҚІБ-нің кезекші бөліміне азамат П.Л. Омаров (17 жаста) және азамат Р.Т. Челкинді (19 жаста) қатты мас күйінде жеткізілді. Өздерімен бірге құжаттары болмады, мекенжай-бюросы бойынша тіркелмеген болды. Жеткізілгендердің беттерінде жаңа түскен жаралар және қанталанған жерлері болды.

Тапсырма:

1. Жағдайды дәрежеленің және бағалаңыз;
2. Қоғамдық тәртіптің құқық бұзушыларын қандай мас күйі дәрежесімен ұстауға және жеткізуге рұқсат берілген?
3. Осы жағдайда, Челкин мен Омаровты қандай максималды мерзімге ұстауға болады?
4. Осы жағдайда ҚІБ кезекшісінің іс-әрекетін баяндаңыз.

№5

Полицейлер АІБ-нің кезекші бөліміне жеке тұлғасын дәлелдейтін, құжатсыз және тұрақты тұратын мекен жайы жоқ азаматты жеткізді. Жеткізілген азаматта мүгедектік белгілері болды (оң қолы болмады).

Тапсырма:

1. Жағдайды дәрежеленің.
2. АІБ кезекшісінің іс-әрекет тәртібін баяндаңыз.
3. Осы жағдайда қандай қажетті материал жиналуы керек?
4. Егер жеткізілгенді тексеру барысында оның тұрақты тұратын жері және жеке тұлғасы анықталған жағдайда, қандай іс-әрекет жасаған жөн?

3.3 Әкімшілік тұтқындауға ұшыраған тұлғаларын ұстау үшін ішкі істер органдарының арнаулы қабылдағыштарының қызметін ұйымдастыру

№1

2013 жылдың 22 қарашасында сағат 11 шамасында, әкімшілік тұтқындауға ұшыраған Л.Д. Дебоширов ҚІБ ғимаратының жанындағы қарды тазалау жұмысына белгіленген еді. 13.00 шамасында ІБ-нің кезекшісі ІБ кезекшісінің көмекшісіне барлығын түскі тамаққа шақыру туралы нұсқаулығын берді, сонда Дебошировтың қашып кеткені белгілі болды.

Кезекші ІБ бастығына баяндап, Дебошировты іздестіруге жариялады.

Тапсырма:

1. ІБ-нің наряд кезекшісі дұрыс істеді ме?
2. Дебошировтың іс-әрекетінде құқық бұзушылық немесе қылмыстық құрам бар ма?
3. Дебошировка қатысты қандай іздестіру шараларын өткізу қажет?

№2

ІБ-нің арнаулы қабылдағыштың күзет қызметіне түсетін кезекшісі қабылдау барысында әкімшілік тұтқындалған азамат Омаровтан келесі заттары: дәрі-дәрмектер, домино, ойын карталары, қырынуға арналған станок, шаруашылық және сұйық сабындар, темекі, дезодорант, шақпақты, мақтаны, шарикті қалам, таза парақтар, үш көркем шығармашылық кітаптары және 3400 теңге сомасында ақшасы табылды.

Тапсырма:

1. Аталған заттардың қайсысы міндетті алып қоюға жатады?
2. ІБ-нің кезекшісі қандай құжаттарды толтыруға тиіс?
3. Тыйым салынған заттың біреуіне алып қою хаттамасын құраңыз.

№ 3

Азамат С.Ю. Хамкин әкімшілік тұтқындауға ұшыраған тұлғаларды ұстау үшін арнаулы қабылдағышқа 15 күндік тұтқындау жазасын өтеу үшін жеткізілді. Камерада алты адам жазасын өтеп жатты, ол олардың арасында азамат Р.Д. Шиловты кездестірді, одан бұрын онымен жеке жек көрінішті қатынастары болған еді. Соның негізінде олардың арасында жанжал туындап және келіссіз балағат сөздермен жарысып, төбелеске өсіп кетті.

Тапсырма:

1. Жағдайды дәрежеленіз және бағалаңыз.
2. Арнаулы қабылдағыш қызметкерлері қандай мәжбүрлеу шараларын қолдануға құқықтары бар?
3. ІБ-нің қызметкерлері осы жағдайда қандай материалды толтыруы қажетті?
4. Осы айғақ бойынша, жауапкершілікке тарту туралы шешімді кім қабылдайды?

№4

Азаматша Л.Д. Сахарова Қостанай қаласының ІІБ-нің арнаулы қабылдағыш бастығына жазбаша арызымен әкімшілік тұтқындау түріндегі жазасын өтеп жатқан өзінің ағасы П.П. Сахаровқа заттарды беріп жіберу ұсынысымен жүгінді. Арнаулы қабылдағыш бастығы заттардың берілуіне рұқсатын беріп, арнаулы қабылдағыш кезекшісіне өткізілетін заттардың және азық-түліктің құрамын тексеруге нұсқаулығын берді. Пакет ішінде: жүннен тоқылған шұлықтар, қол орамалдары, қырынудан кейінгі иіс суы, сабын, дәретхана қағазы, ұстара станогы, орамал, нан, піскен ет, қыж түтігі, май будасы, бір литрлік тосап, кішкентай фотоальбом, қол сағаты, нарды және қысқы етігі болды.

Тексеріс барысында қыж түтігінің және майдың жарамдылық мерзімі өтіп кеткені анықталды.

Тапсырма:

1. Арнаулы қабылдағыш бастығы дұрыс істеді ме?
2. Беріп жіберілетін заттың тексеріс тәртібі қандай?
3. Осы жағдайда беріп жіберілетін заттардың ішінде қандай заттар мен бұйымдар заңсыз?
4. Бұзылған азық-түлік қорегіне қатысты құжатын толтырыңыз.

№5

Сағат 22 шамасында әкімшілік қамаққа алынғандары үшін арнаулы қабылдағышта әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазасын өтеп жатқан азамат Волков пен азамат Омаров арасында жанжал туындады, соның барысында олар бір-бірін балағаттап, төбелесуге бас салды.

Тапсырма:

1. Жағдайды дәрежеленіңіз және бағалаңыз.
2. ІІО кезекшісінің және арнаулы қабылдағыштың жеке құрамының іс әрекет тәртібін баяндаңыз.

4. БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ СЫНАҒЫ

4.1 УҰИ қызметін ұйымдастыру

1. УҰИ қызметі ҚР ІІМ-нің қандай бұйрығымен реттеледі?

- А) 124 – 93 ж.
- В) 494 – 02 ж.
- С) 385 – 02 ж.
- Д) 387 – 02 ж.
- Е) 496 – 2006 ж.

2. УҰИ-да кімдер ұсталуы мүмкін?

- А) күдіктілер, айыпкерлер және сотталғандар;
- В) тек қана күдіктілер мен айыпкерлер;
- С) тұрақты тұратын мекен жайы жоқ тұлғалар мен ұсақ бұзақылары;
- Д) тек қана күдіктілер;
- Е) қылмыс жасағаны үшін айып жарияланған тұлғаларға ғана қатысты.

3. УҰИ кез-келген уақытта кедергісіз келуге кімнің құқығы бар?

- А) криминалды полицияның бастығы;
- В) заңдылықты сақтау үшін қадағалауды жүзеге асыратын прокурор;
- С) ӘПБ бастығы ғана;
- Д) тергеудің немесе анықтаудың бастығы ғана;
- Е) ішкі қауіпсіздік қызметкерлері және прокурор ғана.

4. ҚР құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғаларының қайсысына УҰИ қарумен кіруге рұқсат берілген?

- А) тергеу мен анықтауды іске асыратын лауазымды тұлғаларға;
- В) ҰҚК қызметкерлеріне және заңдылықты сақтау үшін қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға;
- С) барлығы ІІБ-не қаруды уақытша сақтауға тапсыруға тиісті;
- Д) криминалды полицияның қызметкеріне;
- Е) УҰИ-ның бастығына және оның жедел жұмысы бойынша орынбасарына.

5. УҰИ-да ұстауға және қабылдау үшін негіз болып қандай құжат табылады?

- А) тек қана істелген қылмысқа күдіктінің туысқандарына және прокурорға хабарлау және тұтқынға алу хаттамасына қосымша жеке басын тінту хаттамасы;
- В) тек қана прокурормен мақұлданған тергеушінің қаулысы;
- С) прокурормен мақұлданған тергеушінің қаулысы, істелген қылмысқа күдіктінің туысқандарына және прокурорға хабарлау және тұтқынға алу

хаттамасына қосымша жеке басын тінту хаттамасы;

Д) ПБ-нің бастығымен келісілген баянат;

Е) тек қана соттың қаулысы.

6. 3 жасқа дейінгі балалары бар әйелді УҰИ-да орналастыруға болады ма?

А) иә;

В) тек әйелдер ғана, ал балалары нәрестелердің үйіне беріледі;

С) жақын туысқандарына баланы беру мүмкіндігі болмаған жағдайда;

Д) тек 24 сағатқа дейін болады;

Е) тек 48 сағатқа дейін болады.

7. Түнгі мезгілде (сағат 22 ден 6-ға дейін) камераларды ашуға және күдіктілерді шығаруға болады ма?

А) егер айыпкерлердің және күдіктілердің денсаулығы мен өміріне қауіп-қатер төнген шарттарда және ерекше жағдайларда ғана;

В) қылмыстық істері бойынша іс-жүргізу үшін шұғыл тергеу амалдары ғана;

С) прокурордың нұсқауы бойынша және А) мен В) тармағында көрсетілген жағдайларда ғана;

Д) ТЖ режимі жағдайында ғана;

Е) қоғамдағы ерекше резонансын туғызған істері бойынша іс-жүргізудегі тергеу амалдары үшін ғана.

8. Қандай жағдайларда УҰИ камераларынан айыпкерлерді және күдіктілерді шығару мақсаты хабарланады?

А) шығару мақсаты әрдайым хабарланады;

В) УҰИ жинастыруда, санитарлық тазалауда және серуендеу мақсатында ғана;

С) УҰИ-нан жөнелту жағдайында ғана, себебі айыпкерлерді және күдіктілерді шығаруы заттарымен жүзеге асырылады;

Д) айдауылды жүзеге асыру мақсатында ғана;

Е) шығару мақсаты ешқашан хабарланбайды.

9. УҰИ ішінде айыпкерді немесе күдіктіні ертіп жүру барысында шығарушы полицей қай жерде болуы тиіс?

А) артында, екі метр қашықтықта;

В) күдіктінің сол жағында;

С) шығарушы полицейдің қарауына қарай;

Д) полицейдің қарауына қарай;

Е) күдіктінің оң жағында.

10. УҰИ камераларынан шығару үшін негіздеме болып не табылады?

А) анықтаушының немесе тергеушінің, прокурордың жазбаша талабы;

- В) УҰИ бастығының рұқсат беретін бұрыштама талабы;
- С) ПО бастығының рұқсатымен тергеу әрекеттерін жүргізу үшін ғана шығаруға болады;
- Д) тек прокурордың санкциясы;
- Е) ПО кезекші бөлімі бастығының рұқсат беретін бұрыштама талабы.

11. УҰИ-ғы айыпкердің және күдіктілердің үстінен қандай жағдайларда бақылау жүргізуге болмайды?

- А) күдіктілерді санитарлық өңдеу уақытында және дәретханада;
- В) УҰИ-да ұсталатын адамдардың ұйықтау уақытында;
- С) бақылау әрдайым жүргізіледі;
- Д) тек дәретхана уақытында;
- Е) УҰИ күзетінің қарауына қарай.

12. УҰИ ұсталатын адамдарды дактилоскопияға және фотосуретке түсіру қандай жағдайда жүзеге асырылады?

- А) әрқашан;
- В) айып тағу жағдайларында;
- С) егер тұлғалар шұғыл мүддені ұсынса;
- Д) тек ауыр қылмыстарды іске асырған күдікті жағдайларда ғана;
- Е) егер ұстап алынған адам қылмыстарды іске асырғанын мойындамаса ғана.

13. Камераға УҰИ бөлмесінің кілтімен кіруге болады ма?

- А) жоқ;
- В) иә;
- С) маңызды емес (мағынасы жоқ);
- Д) тек күндіз ғана;
- Е) ПО кезекшісіне ғана.

14. Кәмелетке толмағандарды УҰИ орналастыруға болады ма?

- А) иә;
- В) жоқ;
- С) тек 16 жасынан бастап, ПО бастығының қарауына қарай;
- Д) тек ерекше ауыр қылмыстарды іске асырғандарды ғана;
- Е) егер кәмелетке толмаған адам қылмыстарын іске асырғанын мойындамаса ғана.

15. УҰИ-ғы камераларын міндетті түрде түнгі уақытта жарықтандыру қажет пе?

- А) иә;
- В) жоқ;
- С) күзетші полицейдің қарауына қарай;
- Д) УҰИ камерасында ұсталатын тұлғалардың қалауы бойынша ғана рұқсат етіледі;

Е) міндетті, егер камерада екі адамнан кем болса.

16. УҰИ-да ұсталатын тұлғаларды еңбекте қолдануға болады ма?

А) иә;

В) жоқ;

С) камераларын жинау үшін, УҰИ-ғы ыдыстарды және еденді жууға ғана тартылуы мүмкін;

Д) ПО ғимараты ішіндегі жұмыстарға ғана тартылуы мүмкін;

Е) өзінің камерасын жинауға ғана тартылады.

17. УҰИ камераларын ашу рұқсаты кімге берілген?

А) УҰИ күзететінің полицейіне;

В) ПО кезекшісіне, оның көмекшісіне және УҰИ-ның бастығына;

С) тек УҰИ-ның бастығына және УҰИ-ның күзетші полицейіне ғана;

Д) тек ПО кезекшісіне және оның көмекшісіне ғана;

Е) барлығына тек УҰИ-ның бастығы және оның орынбасарының қатысуымен ғана.

18. УҰИ-ғы нарядтарын жедел басқаруды кім жүргізеді?

А) ішкі істер органы бойынша кезекшісі;

В) тек ПО бастығы;

С) криминалды полиция бөлімшесі;

Д) әкімшілік полиция бөлімшесі;

Е) тергеу және анықтау бөлімшелері.

19. УҰИ-ның құралдары мен күштерін орналастыру реті қайда белгіленеді?

А) ПО кезекшісінің жұмыс журналында;

В) УҰИ бастығының жұмыс журналында;

С) ПҚК бірыңғай орналастыру сұлбасында;

Д) бекеттік ведомостыта;

Е) ПО-ның кезекші бөліміндегі арнаулы мекемелерінің нарядтар кітабында.

20. УҰИ-ғы күзетшінің қызметті атқарудың максималды мерзімі қандай?

А) 6 сағаттан артық емес;

В) 8 сағаттан артық емес;

С) 24 сағат;

Д) 12 сағаттан артық емес;

Е) 10 сағаттан артық емес.

4.2 Қылмыстарды іске асырған айыпкерлерді және сезіктілерді айдап алып жүру

1. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдап алып жүру тәртібі Қазақстан Республикасы ПМ-нің қандай бұйрығымен реттеледі?

- A) 385-02 ж.
- B) 387-02 ж.
- C) 124-93 ж.
- D) 494-2006 ж.
- E) 182-2012 ж.

2. Қызметтік жеңіл автокөлігінде айдауылданушы тұлғаларды тасымалдауға болады ма?

- A) иә;
- B) жоқ;
- C) ерекше жағдайларда ПО бастығы рұқсатымен;
- D) ия, тек ауыр қылмыстарды жасаған тұлғалардан басқалары;
- E) арнаулы көлігі болмаған жағдайда ғана.

3. Айдауылданушы тұлғаларды қала маңы поездарында, қала аралық және қалалық автобустарда, троллейбустарда және трамвайларда тасымалдауға болады ма?

- A) иә;
- B) жоқ;
- C) тек қала маңы поездарында ғана;
- D) ия, тек ауыр қылмыстарын жасаған тұлғалардан басқалары;
- E) арнаулы көлігі болмаған жағдайда ғана.

4. Айдауылданушыларды елді мекендер арасында жаяу алып жүру тәртібімен және ат көлікпен тасымалдауға рұқсат етіле ма?

- A) егер басқа көлік түрлерінің қозғалу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана;
- B) иә;
- C) жоқ;
- D) ия, тек ауыр қылмыстарды жасаған тұлғалардан басқалары;
- E) арнаулы көлігі болмаған жағдайда ғана.

5. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау барысында автоматты қандай жайда ұстау керек?

- A) арқаға салып;
- B) алдына қаратып;
- C) айдауылдың ыңғайына қарай;
- D) сол жақ бүйірі жағынан;
- E) оң жақ бүйірі жағынан.

6. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау ненің негізінде жүргізіледі?

А) тергеушінің, соттың немесе тергеу изоляторы бастығының тапсырысы негізінде;

В) ПО бастығымен бекітілген, криминалды полиция бастығының қаулысы;

С) ПО бастығымен бекітілген, қоғамдық қауіпсіздік полициясы бастығының және тергеушінің тапсырысы негізінде;

Д) тек соттың рұқсатымен;

Е) тек прокурордың санкциялаған қаулысы негізінде.

7. Сезіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау тапсырысы қанша уақыт сақталуы тиіс?

А) 1 ай;

В) алты ай;

С) бір жыл;

Д) екі жыл;

Е) үш жыл.

8. Айдауылдың құрамын, түрін, санын және қаруландыруын кім анықтайды?

А) УҰИ бастығы;

В) айдауыл бөлімшесінің бастығы немесе ПО бастығы;

С) ПО кезекші бөлімінің бастығы;

Д) тек айдауыл бөлімшесінің бастығы;

Е) тек ПО бастығы немесе қызметі бойынша оның орынбасары.

9. Айдауылдаудың қабылдауына кім жатпайды?

А) жүкті әйелдер ғана;

В) белгіленген мерзімде санитарлық өңдеуден өтпеген тұлғалары;

С) жүкті әйелдер және кәмелетке толмағандар;

Д) туберкулезбен ауыратын тұлғалар ғана;

Е) туберкулезбен ауыратын тұлғалар және жүкті әйелдер.

10. Айдауылданушы адамдар құрамының саны қандай есеппен анықталады?

А) 1-2 айдауылданушыларға 2 айдауыл; 3-6 айдауылданушыларға 3 айдауыл; 7-10 айдауылданушыларға 7 айдауыл;

В) айдауылшылардың саны айдауылданушылардан екі есеге артық болуы тиіс;

С) айдауылдаушылардың штаттық құрылымына және айдауыл бастығының қарауына қарай;

Д) айдауылшылардың саны айдауылданушылардан үш есеге артық болуы тиіс;

Е) айдауылшылардың саны айдауылданушылардан біржарым есеге артық болуы тиіс.

11. Айдауыл бастығының көмекшісі қандай жағдайда тағайындалады?

- A) барлық жағдайда;
- B) айдауыл құрамында 3 айдауылдан артық болса;
- C) айдауыл құрамында 5 айдауылдан артық болса;
- D) айдауыл құрамында 4 айдауылдан артық болса;
- E) айдауыл құрамында 7 айдауылдан артық болса.

12. Өлім жазасы тағайындалған тұлғаның жеке ісіне қосымша анықтамасында қандай жазба жасалады?

- A) «аса қауіпті»;
- B) «қашуға бейім»;
- C) «өлім жазасы»;
- D) мұқабасында қызыл жолағы көрсетіледі;
- E) «өлім жазасына кесілген».

13. Туберкулезбен ауыратын тұлғаларды айдауылдауға рұқсат етілген бе?

- A) қатал тыйым салынған;
- B) дәрігердің рұқсатымен;
- C) айдауылдар мен айдауылданушылардың беттеріне тағатын дәке таңғыштарын берумен рұқсат етіледі;
- D) жалпы негіздерінде рұқсат етіледі;
- E) айдауыл бастығының қарауына қарай.

14. Автокөлікпен әйелдерді, ерлерді және кәмелетке толмағандарды бірлестіріп айдауылдауға рұқсат етілген бе?

- A) иә;
- B) жоқ;
- C) оқшаулаудың тиісті жағдайында рұқсат етілген;
- D) оқшаулаудың тиісті жағдайындағы ерлер мен әйелдер ғана;
- E) тек кәмелетке толмағандар және әйелдер ғана.

15. Автокөлікпен ұзақ уақыт айдауылдау барысында қанша аялдама жасау керек?

- A) 2-3 сағат сайын;
- B) төрт сағатта 1 рет;
- C) қажеттілігіне орай;
- D) тоқтауға болмайды;
- E) айдауыл бастығының қарауына қарай.

16. Егер ауа температурасы 30 градус Цельсиінен төмен болса, айдауылдауға бола ма?

- A) иә;
- B) жоқ;

- С) рұқсат етіледі егер жол жүру уақыты 2 сағаттан аспаса;
- Д) рұқсат етіледі егер жол жүру уақыты 3 сағаттан аспаса;
- Е) рұқсат етіледі егер жол жүру уақыты 4 сағаттан аспаса.

17. Айдауылдың алдына қандай міндеттер қойылуы мүмкін?

- А) тек ТИ, сотқа және тергеу экспериментіне айдауылдау ғана;
- В) сот отырысы уақытында күзету, айырбастау пункттеріне айдауылдау;
- С) тек дәрігерлік мекемелеріне айдауылдау үшін ғана;
- Д) тек басқа ПО айдауылдау үшін ғана;
- Е) жауаптардың барлығы дұрыс.

18. ПО-да айдауылдаудың қандай жол бағыттары әзірленеді?

- А) біреуі негізгі және екеуі қосымша;
- В) негізгі және қосалқы;
- С) айналмалы, негізгі және құпиялы;
- Д) негізгі, қосалқы және құпиялы;
- Е) тек қана біреу негізгі бағыт.

19. Сотталғандардың жүріп-тұру қауіпсіздігін және сенімді күзетілуін қамтамасыз ету жұмысында тиімділікті арттыру мақсатында арнаулы автомобильдер немен қамтамасыздандырылады?

- А) радиостанциялармен;
- В) жарқылдағыш маяктармен;
- С) өрт сөндіру құралдарымен;
- Д) кабина мен кузов арасындағы сөйлесу құрылғыларымен;
- Е) жауаптардың барлығы дұрыс.

20. Қандай сотталғандар айдауылдауға жатпайды?

- А) санитарлық өңдеуден өтпегендер;
- В) құжаттары дұрыс ресімделмегендер;
- С) туберкулезбен ауыратындар;
- Д) мас күй-жағдайындағылар;
- Е) маусымға сай киімдерімен қамтамасыздандырылмағандар

4.3 Құжаттары, тұрақты тұратын орындары жоқ тұлғаларға дәрігерлік және басқа да әлеуметтік көмек көрсету

1. Қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу Ережесі Қазақстан Республикасы ІІМ-нің қандай бұйрығымен бекітілген?

- A) 182-2012 ж.
- B) 499-2002 ж.
- C) 231 – 2011 ж.
- D) 232-2011 ж.
- E) 233- 2011 ж.

2. Қабылдау-тарату орнына орналастырылған адамнан жауап алуы қай уақыт ішінде жүргізілуі тиіс?

- A) қабылдау орнында болған бірінші тәулік ішінде жүргізіледі;
- B) оның қабылдау орнына түскен сәтінен бастап 3 сағаттан кеш емес;
